

Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қараша N 1345 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру, сондай-ақ қалаларды, елді мекендерді өрттен қорғауды арттыру және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелерінің әскери даярлығын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. (1-тармақтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .)

2. (2-тармақтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .)

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) 1-қосымшасында:

6-тармақтың төртінші абзацындағы "және монтаждық" деген сөз алынып т а с т а л с ы н ;

10-тармақтың екінші абзацындағы "ретке келтіру" деген сөздің алдынан "монтаждау" деген сөз қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

